

## БЕКІТЕМІН

Астана қаласы

әкімдігінің «Әдістемелік  
орталығы» МКҚК

басшысы

С. Дауешова

2023ж.



### «Ана, әже және мен» республикалық байқауының қалалық деңгейін өткізу туралы ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында балаларды отбасылық және ұлттық құндылықтарға баулу мақсатында Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана, әже және мен» республикалық байқауының қалалық деңгейінің (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын айқындайды.

1.2. Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана, әже және мен» байқауы ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** тәрбиеленушілерді мемлекеттік тілді белсенді қолдана отырып, қазақ халқының патриоттық, мәдени-тарихи дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына баулып, танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттері мен адамгершілік құндылықтарын дамытуға ықпал ету.

#### 1.4. Міндеттері:

- балалардың дербестігі мен қызығушылығын ынталандыру;
- ата-аналармен және отбасымен достық қарым-қатынасты нығайтуға, отбасылық және ұлттық құндылықтарға баулуға ықпал ету;
- педагогтерді ұлттық құндылықтарды балалардың тұтас дамуының қазіргі заманғы теорияларымен үйлесімді үйлестіруге ынталандыру;
- «Ана мектебі», «Әже мектебі» қызметін кеңейтуге ықпал ету;
- қыздарда отбасылық ошаққа деген сүйіспеншілікті, отбасылық дәстүрлерге ұқыпты және құрметпен қарауды тәрбиелеу.

#### 2. Ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК;

2.2. Отбасылық және ұлттық құндылықтарға баулу бойынша Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана, әже және мен» байқауы екі кезеңде өткізіледі:

I кезең – қалалық деңгей;

II кезең – республикалық деңгей.

2.3. Байқаудың материалдарын бағалау үшін Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының бұйрығымен (құрамы кемінде 11 адамнан тұратын) комиссия құрылады.

2.4. Қалалық комиссия білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйым басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.5. Қалалық комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді және бағалайды, келесі республикалық кезеңге қатысу үшін жеңімпаздарды анықтайды. Байқау қорытындысы бойынша қалалық комиссия мүшелерінің шешімімен жеңімпаздардан екі үміткер (I орын, II орын ішінен) анықталып, республикалық кезеңге қатысу үшін ұсынылады.

2.6. Комиссия мүшелері келесі құқықтарға ие:

- әр номинацияда орындардың қайталануына жол беру;
- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындарды бермеу;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау.

2.7. Материалдар «Ана, әже және мен» байқауының атауымен **2023 жылдың «24» ақпаннан** кешіктірілмей [modern\\_do@mail.ru](mailto:modern_do@mail.ru) электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

### **3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және байқау шарттары:**

3.1. Байқау мектепке дейінгі ересек жастағы, мектепалды топтар мен сыныптардағы қыз балаларға арналған.

3.2. «Ана, әже және мен» – бұл отбасылық байқау, оған қатысушылар отбасылық құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа қалай берілетінін көрсетуі керек. Байқаудың кезеңдері бірлескен қолөнер, аспаздық, музыкалық нөмірді орындау (ән, би) және т. б. болуы мүмкін.

3.3. Байқау ұлттық стильде безендірілген бөлмеде өткізіледі.

3.4. Байқауға қатысушылар визитканы дайындауы керек – өздерін еркін түрде көрсету: проза, өлең, ән және т. б.

3.5. Бейнелер YouTube бейне платформасына жүктеледі, өтінімде **(1-қосымша)** сілтеме орналастырылады.

3.6. Байқау кезінде түсірілген бейнежазбаларға, оларды таратуға, сондай-ақ жариялауға (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар байқаудың ұйымдастыру комитетіне тиесілі және олар қатысушылардың келісімінсіз білім беру, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

3.7. Өтінім *(1-қосымша)* байқау өткізу шеңберінде болашақ қатысушының осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, жеке деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

#### **4. Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау**

4.1. «Ана, әже және мен» байқауының қалалық кезеңнің қорытындысы бойынша:

- I орын;

- II орын;

- III орындар анықталады және комиссияның шешімі бойынша қосымша орындар берілуі мүмкін.

4.2. Байқау жеңімпаздары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК дипломдарымен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

4.3. «Ана, әже және мен» байқауының қорытындысы мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары Орталықтың <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланатын болады.

**«Ана, әже және мен» республикалық байқауының  
қалалық деңгейіне қатысу үшін  
ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымының толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
Бала туралы мәліметтер (тегі, аты, жасы)	
Қатысушының аты-жөні, тегі	
Жауапты педагогтың аты-жөні	
Байқаудың қызықты кезеңдері бар бейнематериалдар орналастырылған YouTube платформасындағы бейненің сілтемесі	

**Байқаудың қызықты кезеңдері бар бейнематериал (5 балл)**

Бейнематериалдың басты бетінде: мектепке дейінгі ұйымның атауы; байқаудың атауы; қатысушылар туралы мәліметтер (баланың тегі, аты, жасы) және жауапты педагог туралы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) көрсету қажет.

Байқау материалдарын бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- педагогтің ұйымдастырушылық шеберлігі, балалардың байқау шарттарын түсінуі;

- байқау тақырыбына сәйкестігі;

- материалды берудегі өзіндік, стандартты емес, жаңалық;

- шығармашылық;

- орындаушылық шеберлік деңгейі (даралық, эмоционалдылық, әртістік);

- бейнематериалдың сапасы;

- жас сәйкестігі;

- ойын өткізу орнының талаптарына сәйкестігі (ұлттық стильде безендіру).

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- түсірілім кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай (басынан аяғына дейін) орындалуы тиіс;

- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;

- әр файлдың өлшемі 300 Мб-тан аспайды.

- бейнематериалдың ұзақтығы-5 (бес) минуттан аспайды.

Жобаны қорғау барысы туралы бейнеролик өтінімге сілтеме орналастыра отырып, YouTube бейне платформасына жүктеледі.